

Жылыой аудандық мәслихатының 2014 жылғы 15 тамыздағы № 22-2 "Жылыой аудандық мәслихатының регламентін бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Атырау облысы Жылыой аудандық мәслихатының 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 14-5 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 11 қазанда № 3956 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27, 63-баптарына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жылыой аудандық мәслихатының 2014 жылғы 15 тамыздағы № 22-2 "Жылыой аудандық мәслихатының регламентін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2978 болып тіркелген, 2014 жылғы 25 қыркүйектегі " Кең Жылой" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау "Жылыой ауданы мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесіне жүктелсін (Қ. Далбаев).

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың
14 сессиясының төрағасы
Аудандық мәслихат
хатшысы*

Т. Майлыбаев

М. Кенғанов